

**Жакиянова Мейрамгуль Сайлаубаевнаның 6D120100 – «Ветеринариялық медицина»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Постнаталды онтогенез кезеңінде қой және қоянның бауыры мен үйқы безінің
васкуляризациясы және микропұрылымы» тақырыбындағы орындалған диссертациялық
жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/б №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту куніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Жакиянова Мейрамгуль Сайлаубаевнаның 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясы ғылымның даму бағытына сай орындалған.</p> <p>Ғылыми жұмыс «Ауыл шаруашылығы малдары мен тері бағалы андардың инвазияларында, онтогенез кезінде ас қорыту жүйесінің сыртқы секреция бездерінің бұзылуын ескере отырып диагностикалау, емдеу және алдын алу» тақырыбы бойынша ынталы жоба ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларына сәйкес жүргізілген. 2021 жылдың 5 сәуірінде №0121РКИ0072 Мемлекеттік тіркеу номерімен тіркелген.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган.	Ізденушінің қол жеткізген нәтижелері ветеринария ғылымдарына, оның ішінде анатомия саласына елеулі үлесін қоса отырып маңыздылығы толықтай айқындалған. Яғни қазақтың жартылай қылышың жүнді құйрықты қойы мен «Великан» тұқымды қоянның бауыр мен үйқы безінің постнаталды онтогенездегі ангиология жүйесі, сонымен қатар гистологиялық құрылымының зандылықтары алғаш рет анықталып ультракұрылымдық ерекшеліктерінің зандылықтары толықтырылған және бауырдың қан айналым жүйесін зерттеудің әдістемесі жетілдірілген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	1) Жоғары.

		1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмысты жазу барысында мәтініндегі сөздер, сөйлемдердің бір-бірімен байланысуы, жазу стилі, ветеринариялық соның ішінде анатомиялық терминдері саудатты жазылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Негізделген. Ас қорыту бездерінің күрылымы туралы толық ақпараттың болуы ол жүқпалы, паразиттік және инфекциялық емес сипаттағы әртүрлі ауруларды диагностикалаудағы патоморфологиялық өзгерістерді жақсы түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді. Органның күрылымы туралы макроскопиялық деректер хирургтардың жұмысын женілдетеді және сол арқылы морфология мен ветеринариялық гепатологияға айтарлықтай үлес қосады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды: 1) айқындауды; 2) ішінара айқындауды; 3) айқынданамайды.	1) Айқындауды. Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыбына сай күрілған және алға қойған міндеттерден туындаған. Өзіндік зерттеулерінде қой мен қоянның бауыры мен үйқы безінің күрылымын, топографиясын және васкуляризациясын зерттеу кезінде: контрасты ертінді құю арқылы рентгенографияны пайдалану; гистологиялық кесінді жасау арқылы тамырлардың күрылымын анықтау; расторлы электрондық микроскопты қолдану; бауырдың қакпа венасы арқылы жіберілген қан тамырларды қатыратын сүйкіткің көмегімен жасалынған коррозиялық препарат арқылы; органішлік инъекция жіберу арқылы қан тамырлары жүйесі анықталған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	1) Сәйкес келеді. Диссертациялық жұмысының негізгі мақсаты – қазақтың жартылай қылышқа жүнді құйрықты қойы мен «Великан» тұқымды қоянның постнаталды онтогенездегі бауыры мен үйқы

			<p>безінің дамуы мен қанмен қамтамасыз етілу ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың макромикроморфологиясы, соның ішінде ультрақұрылымдық зандалықтарын жетілдіру. Осы мақсатқа жету барысында туындаған міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>1) Толық байланысқан.</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдері, яғни «Кіріспе», «Ғылыми әдебиеттерге шолу», «Өзіндік зерттеулер», «Зерттеу нәтижелерін талдау», «Корытынды», «Тәжірибелі ұсыныстар» атты тараулары және оның бөлімдері бір-бірімен үштасып, өзара толық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сынни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>1) Сыни талдау бар.</p> <p>Зерттеу нәтижелерін талқылау бөлімінде постнаталды онтогенездегі қой мен қоян бауыры мен үйқы безінің макромикроскопиялық морфологиясын, қанайналым жүйесінің архитектоникасын және ультрақұрылымдық ерекшеліктерін сипаттау арқылы талдау жасап, жұмыс нәтижелерін дәйекті түрдеп көлтіре отырып, баға берген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>1) Толығымен жаңа.</p> <p>Ғылыми жұмыста постнаталды онтогенездегі қой мен қоянның бауыры мен үйқы безінің гистологиялық құрылымы алғаш рет анықталған. Қантамырлар жүйесін зерттеу барысында «Анатомиялық коррозиялық препараттар жасау», «Рентген контрасты құралы», «Рентген контрасты сұйықтық» атауларымен жаңа әдістемелері желтілдірген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>1) Толығымен жаңа.</p> <p>Қазақтың жартылай қылышқ жунді құйрықты қойы мен «Великан» тұқымды қоянның бауыры мен үйқы безінің постнаталды онтогенездегі ультрақұрылымдық ерекшеліктерінің зандалықтары</p>

			толықтырылған және бауырдың қан айналым жүйесін зерттеудің әдістемесі жетілдірілген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Толығымен жаңа. Зерттеудің жаңалығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік менишік институтының «Рентген контрасты құралы» №5460 (өтінім №2020/0672.2, 23.10.2020 ж.); «Рентген контрасты сұйықтық» №109114 (өтінім №2020/0834.2, 15.09.2020 ж.) және «Анатомиялық коррозиялық препараттар жасау тәсілі» №9061 (өтінім №2024/0252.2, 26.04.2024 ж) патенттерімен расталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түргыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Қой және қоянның асқорыту бездерінің микрокүрүлімі жасына байланысты зерттеу нәтижелері бауыр мен үйқы безі морфологиясы мен гистологиясы туралы ақпаратты көңейтуге, толықтыруға және практикалық оқытуға қажетті материалдар көзі ретінде пайдалануға болатынын дәлелдеген. Қазақтың жартылай қылышқұ жунді құйрықты қойы және «Великан» тұқымды қоянның бауырлының морфологиясы мен васкуляризациясы туралы алынған мәліметтерді терапевтік тәжірибеде ас қорыту бездерінің морфофизиологиясы мен патоморфологиясын диагностикалауда; қалыпты және патологиялық шекараны анықтау үшін бауырдың морфофункционалдық жағдайын бағалаудында; асқазан-ішек жолдарының морфофизиологиясын зерттейтін зертханаларда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуінде; бауыр және ас қорыту жүйесі ауруларының патогенезін зерттеулерінде қолданып ұсынуға болатынын нақтылаған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұраптарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме?	7.1. Ереже дәлелденген. 7.2. Тривалды емес. 7.3. Жаңа.

	<p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.4. Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5. Мақалаларымен дәлелденген. Диссертациялық жұмыстағы шығарылған әрбір қағидат ізденушінің тиісті зерттеу нәтижелерімен дәлелденген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік институтының үш бірдей №5460, №109114, №9061 патенттерінде нақтыланып расталған.</p>	
8.	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге</p>	<p>1) Ия. Зерттеу жұмысының әдістемесі нақты жазылған. Зерттеуде қолданылған әдістер дұрыс таңдалған.</p> <p>Диссертация нәтижелерін алуда "Рентгенография РУ-76" аппараты, INCAENERGY-250 рентгендік микроталдау жүйесі бар JEOL 6390LV «Растрлық электрондық микроскоп» және Agilent 7700x төрт полності массспектрометрдің (Agilent Technologies) компьютерлік технологиялар қолданылған.</p> <p>1) Ия.</p> <p>Зерттеу жұмысы соңғы жылдардағы зерттеушілердің пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген және нақты материалдармен расталған.</p> <p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми</p>

		<p>сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>әдебиеттерге, яғни алыс, жақын шет ел ғалымдарының зерттеулеріне сілтемелер жасау арқылы расталған.</p> <p>Ізденуші диссертациясында 174 ғылыми еңбектерді қолданған. Оның ішінде отандық, орыс және шет тілдеріндегі ғылыми әдебиеттер бар. Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Бар.</p> <p>Диссертацияның практикалық, теориялық маңызы бар.</p> <p>1) Ия.</p> <p>Диссертацияның практикалық, теориялық маңызы бар. Алынған зерттеу материалдары жануарлар анатомиясын толықтырады.</p> <p>1) Ізденушінің күрастырған практикалық ұсыныстары толығымен жаңа.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>1) Жоғары.</p> <p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, әдебиеттерге шолудан, материалдар мен әдістерден, нәтижелер мен талқылаулардан, қортындылар мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан күралған.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер	<p>Жалпы диссертация сауатты, дәйекті түрде жазылған және жақсы әсер қалдырады. Диссертацияның өзектілігі күмән тудырмайды, бұл ветеринария үшін өте маңызды. Зерттеу нәтижелері қазақ құйрықты жартылай жүнді тұқымды қойлар мен «Великан» тұқымды қоянның постнаталды онтогенез кезеңдерінде бауыр мен ұйқы безінің морфологиялық, ультракүрүлімдік ерекшеліктері туралы мәліметтерді кеңейтеді және тереңдетеді. Сонымен бірге рецензияланған жұмыстың жағымды жақтарымен бірге автордың жіберген кемшіліктерін атап өткен жөн:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Әр бөлімнің соңында жалпылама бөлімді кеңейту ұсынылады; - Мәтінде орфографиялық және стилистикалық қателер бар. <p>Бұл ескертулер оңай жойылады және жұмыс сапасына айтарлықтай әсер етпейді. Олар принципті емес және диссертацияның жалпы деңгейін төмendetпейді.</p>	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы)	<p>Зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың ғылыми жарияланымдарының саны мен сапасы талаптарға сәйкес келеді. Жалпы ұсынылған мақалалар ғылыми жұмыстың жоғары деңгейін және зерттелетін тақырыпқа өзіндік көзқарасты көрсетеді.</p> <p>Диссертация тақырыбы бойынша 8 ғылыми мақала, оның ішінде 3-і Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған</p>	

нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	басылымдарда, 1-мақала Scopus базасына кіретін басылымда, 4-мақала халықаралық конференциялар жинағында жарияланды, 3 патент алынды.
13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)	Жакиянова Мейрамгуль Сайлаубаевнаның «Постнаталды онтогенез кезеңінде қой және қоянның бауыры мен үйкі безінің васкуляризациясы және микроқұрылымы» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысының ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы жоғары. Диссертация талаптарға сәйкес рәсімделген, ал жұмыс авторы 6D120100 «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Ғылыми кеңестің хатшысы, PhD докторы,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өнірлік университетінің
вeterинариялық медицина кафедрасының
қауымдастырылған профессоры

мерзімі «02» 09 2024 жыл



М.Хасанова

Подпись	<u>Хасанова М.Н.</u>
затверяю.	
<u>Р.Н Г.Н. Асекеев</u>	
(подпись)	
<u>специалист ОУБ</u>	
(должность, ФИО)	